



22 29 қыркүйек
20 ж. « »

№ 7

**«Банктік қарыз шарттарынан туындайтын даулар бойынша
азаматтық істерді қараудың сот практикасы туралы»
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
2016 жылғы 25 қарашадағы № 7 нормативтік қаулысына
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жоғарыда көрсетілген нормативтік қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-тармақта «Кредиттеу жөніндегі құжаттамасын жүргізу ережесін бекіту туралы» 2007 жылғы 23 ақпандағы № 49 (бұдан әрі – Кредиттеу жөніндегі құжаттаманы жүргізу ережесі), «Банктік заем шартының міндетті талаптарының тізбесін айқындау және «Кредиттеу жөніндегі құжаттамасын жүргізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 23 ақпандағы № 49 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 28 ақпандағы № 18 (бұдан әрі — Тізбе) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының қаулыларынан» деген сөздер «Банктік қарыз шартын жасасу қағидаларын, оның ішінде банктік қарыз шартының мазмұнына, ресімделуіне, міндетті талаптарына қойылатын талаптарды, қарызды өтеу кестесінің және қарыз алушы – жеке тұлғаға арналған жадынаманың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 23 желтоқсандағы № 248 қаулысынан» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Соттар банктік қарыз шартында шарттың нысанасы туралы талаптар, заңнамада елеулі деп танылған немесе шарттардың осы түрі үшін қажетті талаптар, сондай-ақ тараптардың мәлімдеуі бойынша келісімге қол жеткізілген сол талаптар қамтылуы тиіс екенін назарға алуға тиіс.

Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 3 шілдедегі № 262-VI Заңымен Банктер туралы заңның 34-бабының 2-тармағына өзгерістер енгізілгенін (2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген) ескеру қажет, оларға сәйкес банктік қарыз шартын жасасу тәртібі, оның ішінде банктік қарыз шартының мазмұнына, ресімделуіне, міндетті талаптарына қойылатын талаптар, қарызды

өтеу графигінің нысандары және қарыз алушыға-жеке тұлғаға арналған жадынамалар азаматтық заңнамада белгіленген талаптар ескеріле отырып, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен бекітіледі.

Соттардың (судья) тараптарға татуластыру рәсіміне қатысу үшін шақыру жіберіп, сотқа талап қоюдың келіп түскені туралы хабарлай отырып, дауды (жанжалды) татуластыру рәсімі (татуласу келісімі, медиация, партисипативтік рәсім) шеңберінде немесе банк омбудсманына жүгініп шешу құқығын, татуласу артықшылықтарын, сондай-ақ АПК-нің 73-бабының бірінші және екінші бөліктеріне сәйкес дәлелдемелерді өзара ашу және ұсыну құқығы туралы түсіндіріп, тараптарды татуластыруға шаралар қабылдағаны, дауды процестің барлық сатыларында реттеуде оларға жәрдемдескені жөн.»;

3) 6-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қарыз қандай валютада берілгенін анықтау кезінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне валюталық реттеу және валюталық бақылау, қаржы ұйымдарының қызметін тәуекелге бағдарланған қадағалау, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 168-VI Заңымен Банктер туралы заңның 34-1-баппен толықтырылғанын, оның 2-тармағында жеке тұлға өтініш жасаған күннің алдындағы қатарынан алты ай ішінде шетел валютасында кірісі болмаған жеке тұлғаларға кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес ипотекалық қарыздарды осы валютада беруге тыйым салынғанын ескеру қажет.»;

4) 8-тармақтың үшінші абзацындағы «Жұмыс істемейтін кредиттердің мәселелері бойынша заңмен» деген сөздер «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне екінші деңгейдегі банктердің жұмыс істемейтін кредиттері мен активтері, қаржылық қызметтер көрсету және қаржы ұйымдары мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы № 422-V Заңымен (бұдан әрі – Жұмыс істемейтін кредиттердің мәселелері бойынша заң)» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 9-тармақта:

бірінші абзацтағы «агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымының» деген сөздер «дауыс беретін акцияларының жүз пайызы тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұйымның» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы «Аталған Қағидалар» деген сөздер «Ішкі кредит саясаты туралы қағидалар» деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 10-тармақтың бірінші абзацындағы «(Кредиттеу жөніндегі құжаттаманы жүргізу ережесінің 5, 8-тармақтары)» деген сөздер алып тасталсын;

7) 15-тармақта:

бірінші және екінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 24 мамырдағы № 43-VII Заңына сәйкес Банктер туралы заңның 36-бабы жаңа редакцияда (2021 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізілді) жазылған, банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені орындаудың өткізіп алынған мерзімі болған кезде, бірақ ол басталған күннен бастап күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей банк (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым) банктік қарыз шартында көзделген тәсілмен және мерзімдерде қарыз алушыны банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені орындау бойынша мерзімді өткізіп алудың туындағаны және хабарламада көрсетілген күнге мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, банктік қарыз шарты бойынша төлемдерді енгізу қажеттігі; банктік қарыз шарты бойынша қарыз алушы – жеке тұлғаның банкке (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға) өтініш жасау құқығы; қарыз алушының банктік қарыз шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдарлары туралы хабардар етуге міндетті. Банк (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым) қарыз алушыны хабардар ету үшін коллекторлық агенттікті тартуға құқылы.

Хабарламадан туындайтын талаптар қанағаттандырылмаған, сондай-ақ қарыз алушы – жеке тұлға Банктер туралы заңның 36-бабының 1-1-тармағында көзделген құқықтарды іске асырмаған не тараптар арасында банктік қарыз шартының талаптарын өзгерту бойынша келісім болмаған жағдайларда, банк (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым) қарыз алушыға қатысты Банктер туралы заңның 36-бабының 2, 2-1-тармақтарында көзделген шараларды қолдану туралы мәселені қарауға құқылы.»;

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

Егер сот (судья) хабарламаның қарыз алушыға жіберілмегенін не Банктер туралы заңның 36-бабының нормалары бұзылып жіберілгенін не қарыз алушы-жеке тұлғаның банкке (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға) өтінішпен жүгінген жағдайда талап қоюшының осы баптың 1-2-тармағында көзделген қарыз алушымен дауды сотқа дейін міндетті реттеуге бағытталған талаптарды орындамағанын анықтаса, онда көрсетілген мән-жайлар орын алған кезде сот (судья) талап қоюды қайтарады, өйткені талап қоюшы осы санаттағы істер үшін заңда белгіленген немесе тараптардың шартында көзделген дауды сотқа дейін немесе соттан тыс реттеу тәртібін сақтамаған және осы тәртіпті қолдану мүмкіндігі жойылмаған (АПК-нің 152-бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасы).»;

жетінші абзацтағы «қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесін» деген сөздер «базалық мөлшерлемені» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы сегізінші абзацпен толықтырылсын:

«Банктер туралы заңның 36-бабының нормалары қарыз алушының мұрагерлерге өткен мүлкінің құны шегінде олардан несие берешегін өндіру туралы банктің (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның) талаптарына қолданылмайтыны соттарға түсіндірілсін.»;

8) 17-тармақта:

екінші абзац «сот» деген сөзден кейін «борышкердің талабы бойынша» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

«АК-нің 297-бабының ережелерін ескере отырып, сот (судья) жауапкерге (борышкерге), егер тұрақсыздық айыбы кредитордың шеккен залалдарымен салыстырғанда тым көп болса, оны төмендету туралы өтінішхат беру құқығын түсіндіруі қажет. Сот шешімінде тұрақсыздық айыбын азайту туралы түйіндер уәжді болуға тиіс.»;

9) 18-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Банктер туралы заңның 34-бабының 6-1-тармағына сәйкес банкке (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға) банктік қарыз шартын жасасу күні негізгі борыш сомасы тіркеуге жататын мүлік кепілімен және (немесе) ақша кепілімен толық қамтамасыз етілген жағдайларды қоспағанда, негізгі борыш және (немесе) сыйақы сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу міндеттемесін орындау мерзімін өткізіп алудың қатарынан күнтізбелік тоқсан күні өткен соң есепке жазылған сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлды), сондай-ақ қарызды беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдерді төлеуді талап етуге тыйым салынады.»;

10) 19-тармақтың тоғызыншы абзацындағы «арызды АПК-нің 279-бабының 1) тармақшасында көзделген негіздер бойынша қараусыз қалдыруына» деген сөздер «талап қоюды АПК-нің 279-бабының 1) тармақшасында көзделген негіз бойынша қараусыз қалдыруына» деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 20-тармақтың төртінші абзацындағы «жарамсыз» деген сөз «маңызсыз» деген сөзбен ауыстырылсын;

12) 22-тармақта:

бірінші абзацтағы «өте» деген сөз алып тасталсын;

екінші, үшінші және төртінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

«Мынадай жағдайлар жиынтығы болған кезде:

орындалмаған міндеттеменің сомасы (тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) есепке алынбастан) тараптар кепіл туралы шартта айқындаған, кепілге салынған мүлік құнының он пайызынан кемін құрағанда;

кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алу кезеңі үш айдан кем болғанда, кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені бұзу

болмашы және кепіл ұстаушы талаптарының мөлшері кепілге салынған мүліктің құнына анық мөлшерлес емес болып табылады.»;

мындай мазмұндағы бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші абзацтармен толықтырылсын:

Кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес және жеке тұлғаның тұрғын үйімен қамтамасыз етілген ипотекалық қарыздар бойынша өзге талаптар белгіленген, ондай талаптар болған кезде кепілге салынған мүлікке өндіріп алуды қолдануға жол берілмейді.

Мұндай жағдайда кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің бұзылуы болмашы болып табылады және кепіл ұстаушы талаптарының мөлшері мынадай жағдайлар жиынтығы болған кезде:

орындалмаған міндеттеменің сомасы (тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есепке алмағанда) тараптар кепіл туралы шартта айқындаған, кепілге салынған мүлік құнының он бес пайызынан кем болса;

кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алу кезеңі алты айдан кем болса, кепілге салынған мүліктің құнына анық мөлшерлес емес болып табылады (АК-нің 317-бабының 2-тармағы).»;

13) 23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«23. Егер қарызды банк берген болса, онда шарттың талаптарын бұзатын қарыз алушыға қатысты қолданылатын шаралардың бірі даусыз (акцептсіз) тәртіппен, оның ішінде төлемдік талапты ұсыну арқылы қарыз алушының кез келген банк шоттарындағы ақшаға өндіріп алуды Төлемдер туралы заңның 27-бабының 10-тармағында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, қолдануға болатынын (егер мұндай өндіріп алу банктік қарыз шартында көрсетілген болса) соттар ескеруге тиіс.

Қарыз алушыға осы ықпал ету шарасы мынадай жиынтықта:

банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алудың басталуы;

банктің банктік қарыз шартында көзделген тәсілмен және мерзімдерде қарыз алушыны банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені орындау бойынша мерзімді өткізіп алудың туындағаны және хабарламада көрсетілген күнге мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, банктік қарыз шарты бойынша төлемдерді енгізу қажеттігі, банктік қарыз шарты бойынша қарыз алушы – жеке тұлғаның банкке (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға) өтініш жасау құқығы және қарыз алушының банктік қарыз шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдарлары туралы хабардар етуі;

аталған хабарламадан туындайтын талаптарды қанағаттандырмау жағдайлары болған кезде қолданылады (Банктер туралы заңның 36-бабы).»;

14) 25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«25. Ақшаға өндіріп алуды қолдануға шектеулер қою кезінде Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 21 қаңтардағы № 217- VI және 2021 жылғы 24 мамырдағы № 43-VII Заңдарымен Банктер туралы заңның 36-бабының 2-тармағына өзгерістер енгізілгені назарға алынуға тиіс (2021 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізілді).

Көрсетілген нормаға сәйкес төлем талабын қою арқылы банктік қарыз шарты бойынша қарыз алушы – жеке тұлғаның берешегін өндіріп алу оның банктік шотындағы ақша сомасының және (немесе) кейіннен қарыз алушының банктік шотына түсетін әрбір ақша сомасының елу пайызы шегінде шектеледі және төлем талабын толық орындау үшін қажетті барлық соманың банктік шотқа түсуі күтілместен жүзеге асырылады. Бұл ретте жеке тұлғаның ағымдағы шотында сақталатын ақша сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінен аз болмауға тиіс. Көрсетілген шектеу қарыз алушы – жеке тұлғаның жинақ шотындағы ақшаға қолданылмайды.».

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, жалпыға бірдей міндетті болып табылады және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының Төрағасы**



Ж. Асанов

**Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы,
жалпы отырыс хатшысы**



Г. Әлмағамбетова